



Бекітемін

ЖШС «Айсана» жекеменшік

балабақшасының меңгерушісі :

**Кырманшина**

### ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : ЖШС «Айсана» жекеменшік балабақшасы

Топ: «Балапан» кіші жас

Балалардың жасы: **2 жастан**

Жоспардың құрылу кезеңі: **06.11 - 10.11.2023ж.**

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				

<p><b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b></p>	<p>Әңгімелесу: "Баланың тәбетін қалай ашамыз?", "Табиғи азық-түліктердің баланың денсаулығына пайдасы", "Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?"</p>
--	---

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b></p>	<p>"Еңбекке баулу"</p> <p>Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, сарғайып қурап қалған жапырақтарды үзіп алып тастау әрекетіне көңіл аудару; өсімдіктердің жасыл жапырақты болуын байқату; суқұйғыш арқылы суаруды көрсету.</p>	<p>"Еңбекке баулу"</p> <p>Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, сарғайып қурап қалған жапырақтарды үзіп алып тастау әрекетіне көңіл аудару; өсімдіктердің жасыл жапырақты болуын байқату; суқұйғыш арқылы суаруды көрсету.</p>	<p>"Еңбекке баулу"</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызы туралы түсіндіру.</p>	<p>"Еңбекке баулу"</p> <p>Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру.</p>	<p>"Еңбекке баулу"</p> <p>Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау.</p>
--	--	--	--	--	---

<p>"Жүк көлігі не әкелді? дамытышы ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер, көгөніс сатушының қызметі жайында ұғымдарын қалыптастыру; коммуникативтік қабілеттерді дамыту.</p> <p>Сатушы:</p> <p>- Сәлеметсіңдер ме, балалар, не үшін келдіңдер?</p> <p>Балалар:</p> <p>- Көгөністер сатып алуға келдік.</p> <p>Сатушы:</p> <p>- Менің дүкенім сиқырлы жер. Себебі, көгөністерді дұрыс табылған жауаптарға ғана беремін. Жұмбақ шешуге дайынсыңдар ма?</p> <p><b>Жұмбақтар.</b></p> <p>Доптар жатыр желісі бар, Қабат-қабат терісі бар. (Орамжапырақ.)</p> <p>Ашулы қонақ бұл анық, Тоңып шешсе, жыладық. (Пияз.)</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері, құрастыру, сурет салу)</b></p>	<p><b>"Көгөністер дүкені" ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.</p> <p><b>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Сен қайда бардың?" (орыс халқының тақпағы)</b></p> <p>- Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем, Мына бауырыммен Ән салдым кеште.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға екі немесе төрт бөліктерден қарбыздың тұтас пішінін құрастыруды үйрету; қарбыздың пішінін дөңгелек екенін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>Педагог әртүрлі түстерге боялған (қатты қағазға жапсырылған) қарбыздың суретін екі немесе төрт бөлікке қиып алады.</p> <p><b>(сенсорика)</b></p>	<p><b>Пазлды жинау. "Қарбыз".</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды мақсат-міндеттері. Балалардың қуыршақ ойыншығымен ойнату.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың қуыршақ ойыншығын әлдилеуі арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап қайтаруға ынталандыру.</p> <p><b>С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"</b></p> <p>Әлди, әлди! Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жыламышы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой.</p> <p>Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін,</p>
--	--	--	---

**Ертеңгілік  
жаттығу**

**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**

1. "Керілу жаттығулары".

Бастапқы қалып: аяқты бірге немесе иық деңгейіне сай қою.

Бір қолды жоғары көтеру, екіншісін жанына қарай созу, осы ретпен кері тәртіпте кезек-кезек қайталайды.

Жаттығу баяу, ақырын жасалуы тиіс. Ырғақ: 1-2 -керілу- тыныс алу; 3-4 бастапқы қалыпқа оралу, тыныс алу.

2. "Қол және иыққа арналған жаттығулар".

Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне сай қою.

Қолды иыққа қою. Қолды иыққа қарай иген күйде айналдыра қозғау.

Түзу тұрған қолды айналдыру.

Бір қолды жоғары көтеру, екіншісін кейін сермеу, осы қимылдар бірнеше рет қайталанады.

3. "Аяққа арналған жаттығулар".

Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне сай қою.

Аяқтың ұшына көтерілу, қайтадан өкшемен төмен түсу. (3 рет қайталау) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**

<b>Таңғы ас</b>	<p>Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру.</p> <p><b>"Дана ботқаны жемейді".</b></p> <p>Дана ботқаны жемейді, «Тауыса алмаймын», - дейді.</p> <p>Дана, басқалардан қалма, Анаңның мазасын алма.</p> <p>Қане, қасықты ұстайық, Дәмді асты тауысайық.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</b></p>
-----------------	---

**Ұйымдастыр  
ылған іс-  
әрекетке  
дайындық**

Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне көңілді ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.

- Не әкелдің, жомарт күз?

- Бір қап көгеніс.

- Не әкелдің, жомарт күз?

- Дәмі тәтті жеміс.

- Не әкелдің, жомарт күз?

- Саңырауқұлақ пен жаңғақ.

- Не әкелдің, жомарт күз?

- Суық жел әкелдім, алтын жапырақ.

Жаңбырды төктім,

Бүкіл алқаптан өттім.

Абайлаңдар! Қысқа дайындалыңдар!

Д. Ахметова

**(сөйлеуді дамыту)**

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Денешынықтыру.</b> "Торғай секілді секірейік".  Мақсат-міндеттері. Педагог балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру үшін</p>	<p><b>Музыка</b> "Тұлпарым"  Мақсат-міндеттер. Балаларға тұлпар туралы әнді танып, жағымды эмоциоланды жауап беруге ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білу қабілеттерін жетілдіру.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Домалайды алмалар".  Мақсат-міндеттері. Балаларға допты бір-біріне домалату арқылы олардың қимыл белсенділігін қалыптастыру; жаттығулар барысында екі қолымен допты ұстап домалату икемділігіне үйрету; допты дұрыс бағытқа домалату дағдысын меңгерту; игерген жаттығулар мен дағдыларды пысықтау.  "Домалайды алмалар!" қимылды ойыны.  Мақсат-міндеттері. Алмаларды домалатуды үйрету. Қимыл ептілігін дамыту.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Күнге ұқсаймыз".  Мақсат-міндеттері. Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын жасау кезіндегі іскерліктерін жетілдіру; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдысын дамыту; қол мен саусақ бұлшық еттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынталанып орындауға қызығушылықтарын арттыру; бір-біріне сенімділік сезіміне тәрбиелеу.</p>	<p><b>Мүсіндеуден ойын жаттығу</b> "Тиінге жаңғақ".  Мақсат-міндеттері. Балаларға сазбалшықтың тұтас бір бөлігін алақанда дөңгелектеп илеу техникасын игерту; мүсінделіп шыққан шар тәрізді денені "жаңғақ" деп атауды үйрету; жаңғақты "тиіннің қорегі" деп түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын, танымы мен зейінін дамыту; аңдардың күзгі тіршілігіне қызығушылықтарын ояту.</p>
---	--	--	---	---	---



<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)

Серуен	<p>Аула таза лау шын ың еңбегін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар.</p> <p>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарын бізге бұлғайды.</p> <p>- Балалар, қазір ағаштардың жапырақтарына не болды?</p> <p>- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.</p> <p>- Күзде жеміс ағаштарында піскен алманы жинаймыз.</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p>	<p><b>Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады.</p> <p>Тыным бермей ешкімге,</p> <p>Жұлқылайды бәрін де.</p> <p>Үзіп жатыр,</p> <p>Жұлып жатыр</p> <p>Барлық сары жапырақты.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларға ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинату.</p>	<p><b>Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды.</p> <p>Алтын күнге ұқсайық,</p> <p>Қолды алға созайық.</p>	<p><b>Топырақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.</p> <p>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға балшықтың табанға жабысатынын көрсетуі мүмкін.</p> <p>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.</p> <p>- Балалар, топырақта індер болады. Инде нелер жысырынды?</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ</p>
--------	--	---	--	--

<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. <b>(дербес қимыл әрекеті)</b></p>
<p><b>Түскі ас</b></p>	<p>Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру.</p> <p><b>"Дана ботқаны жемейді".</b></p> <p>Дана ботқаны жемейді, «Тауыса алмаймын,» - дейді. - Дана, басқалардан қалма, Анаңның мазасын алма. Қане, қасықты ұстайық, Дәмді асты тауысайық.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</b></p>
<p><b>Түскі ұйқы</b></p>	<p>Балалардың жайлы ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Аудио ертегі тыңдау (педагогтің немесе балалардың таңдауы бойынша). <b>(көркем әдебиет)</b></p>

<p><b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b></p>	<p><b>"Қоян" тақпақ.</b></p> <p>Қоян, қоян, тұршы, Беті-қолыңды жушы. Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. Әдемі көйлек киші, Бізге қонаққа келші. Балалар аяқ киімдерін киіп, жуынатын бөлмеге педагогпен бірге барады.</p> <p>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетің жу. Жуса таза болады, Беті-қолың, маңдайың. Педагог тақпақты мәнерлеп оқу керек.</p> <p><b>Шынықтыру шаралары.</b></p> <p>Дымқыл сүлгімен сүрту.</p> <p>"Денсаулық жолдарымен" жалаңаяқ жүру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p>
--	--

<b>Бесін ас</b>	<p><b>"Біз қалай тамақтанамыз?" ойын жағдаяты.</b></p> <p>Дастарқан басында тыныштық сақтау, түзу қалыпта отыру, қасықты дұрыс ұстау, қасыққа біраз ғана тамақ алу, қасықтың жалпақ жағынан ішіп-жеу, сораптамай және бөгде дыбыстар шығармай тамақтануды үйрету, өздігінен ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>
-----------------	---

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>"Көгөністер" дамытқышы ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бала-ларға көгөністерді айтқызуға ынталандыру, нақпіндерін қолмен ұста</p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Балапан".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншық балапанның дене мүшелерімен таныстыру және оларды атауды үйрету; құстар мен олардың балапандарының тіршілігі туралы қысқаша түсінік беру; дидактикалық ойындарда балалардың ой-өрісін кеңейту.</p> <p>Балаларды сөйлеу тілін, еске сақтауы мен зейінін дамыту.</p> <p><b>"Балапандар" қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Педагог:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, сендер балапан боласыңдар.</li> <li>- Балапандар тауық қорада отырады.</li> </ul> <p>Орындықтарға отырғызу.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балапандарым, аулаға шығыңдар.</li> </ul> <p>Педагог балаларды өзіне қарай ойын алаңына шақырады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдер. Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. Қалай?</li> </ul>	<p><b>Сенсорикадан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Үлкен және кішкентай үйшіктер".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға көлемі мен түсінде айырмашылығы бар геометриялық пішіндерді салыстырып, сенсорлық сипаттарын ажыратуды үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттерін байқап, біртұтас бейнені құрастыруды үйрету; салыстыру және құрастыру барысында сөздік нұсқау не үлгі нысанына сүйеніп тапсырмаларды дұрыс орындау қабілеттерін қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырату мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен танымын, байқағыштығы мен эмоциялық сезімдерін дамыту.</p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Күн".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды сары борды үш саусақпен ұстап, ұшын қойған жерден бастап, шеңбермен жүріп, қайта сол нүктеге жеткізуді үйрету; шеңбер шеттерінен бастап, жан-жаққа түзу сызықтарды, "сәулелерді", созып салуға машықтау; шеңберді қағаз бетінің ортасына орналастыруға дағдыландыру; салып қалдырған іздерді басынан бастап, аяғына дейін көзбен бақылап отыруды жаттықтыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыруға талпындыру; күннің жарық беру қасиеті туралы түсінік беру.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Жемістер мен көгөністер".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды жеміс және көгөніс түрлерімен таныстыра отырып, қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту; эмоциялық көңіл күйлерін қалыптастыру.</p> <p><b>"Шеңберде жүр балалар" музыкалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Әуен ырғағына сай, белгілі ырғақтық қозғалыстарды жасауға дағдыландыру.</p> <p><b>"Дана қуыршақты серуенге шығарайық" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері.</p>
---	---	---	--	---	--

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>"Көг өністер"</b></p> <p>.</p> <p>Міне</p> <p>,</p> <p>дәм</p> <p>ді</p> <p>көгө</p> <p>ністе</p> <p>р,</p> <p>Күзг</p> <p>е</p> <p>дейі</p> <p>н</p> <p>пісіп</p> <p>өске</p> <p>н,</p> <p>Карт</p> <p>оп,</p> <p>пияз</p> <p>,</p> <p>қыза</p> <p>нақ,</p> <p>Қияр</p> <p>,</p> <p>ора</p> <p>мжа</p> <p>пыр</p> <p>ақ.</p>	<p><b>"Жемістер".</b></p> <p>Ал бау-бақшада жемістер,</p> <p>Қызарып, толып піскен:</p> <p>Алхоры, өрік, алма,</p> <p>Алмұрт, апельсин, құрма.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>Ескен Елубай "Құстар, қайтып келіңдер!"</b></p> <p>Қимас әнге салады,</p> <p>Құстар қайтып барады.</p> <p>"Қош болыңдар!" - дегендей, қанаттарын қағады.</p> <p>Сау-саламат болыңдар,</p> <p>Жылы жаққа барыңдар.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>"Алма".</b></p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Ермексаздан шарды илеу амалын игерту.</p> <p><b>(мүсіндеу)</b></p>	<p><b>С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"</b></p> <p>Әлди, әлди, бөпешім,</p> <p>Ән сап берем, келе ғой.</p> <p>Жыламашы, көкешім,</p> <p>Жұбатқанға көне ғой.</p> <p>Ұйқың келсе, бөлейін,</p> <p>Тербетейін есікке,</p> <p>Қаз-қаз басшы, көрейін,</p> <p>Барып келші есікке"</p> <p><b>(көркем әдебиет)</b></p>
-------------------------------------	---	---	---	---	---

**Серуенге дайындық**

Қауіпсіздік ережелері жайында жеке және жалпы әңгімелесу. (сөйлеу тілін белсендіру үшін).

Мақсат-міндеттері. Балаларды серуенге шығуға ынталандыру.

Серуендеуге арналған ойын жабдықтарын таңдау; балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және етіктің жүйе бойынша киюлерін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**



Серуен	<p>Аула таза лау шын ың еңбегін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p><b>Ағаштарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар.</p> <p>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарын бізге бұлғайды.</p> <p>- Балалар, қазір ағаштардың жапырақтарына не болды?</p> <p>- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.</p> <p>- Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз.</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p>	<p><b>Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтарға қарап, желдің соққанын байқауғды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады.</p> <p>Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де.</p> <p>Үзіп жатыр, Жұлып жатыр</p> <p>Барлық сары жапырақты.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.</p>	<p><b>Күнді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын екі жаққа жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.</p> <p>Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды кел.</p>	<p><b>Топырақты бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.</p> <p>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысатынын көрсетуі мүмкін.</p> <p>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, аяғымыздың табаны кірлеп қалады. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.</p> <p>- Балалар, топырақта індер болады. Инде нелер жысырынды?</p> <p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b></p>
--------	---	---	--	--	---

<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету (<b>дербес қимыл әрекеті</b>).</p>
<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p>Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру.</p> <p><b>"Дана ботқаны жемейді".</b></p> <p>Дана ботқаны жемейді, «Тауыса алмаймын,» - дейді. - Дана, басқалардан қалма, Анаңның мазасын алма. Қане, қасықты ұстайық, Дәмді асты тауысайық.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</b></p>

**Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)**

Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

**"Шалқан" ертегісін сахналау.**

Мақсат-міндеттері: балалардың эмоционалдылығын дамыту, ертегілерге қызығушылықтарын тәрбиелеу, мазмұнын тыңдауды және түсінуді үйрену, шығармашылық қабілеттерін дамыту. **Дамытушылық ойын жағдаят:**

**"Көгөністер, жемістер, жидектер".**

Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністердің кейбірі бақшада көрініп тұрса, кейбірін жапырақтар арасынан іздеу керектігін көрсету; балаларға көгөністерді зерттеуді ұсыну, сипап көру (шалқанның қабығы тегіс, қиярдың қабығы бұдыр), басып көру (қатты), дәмін татып көру.

Қиылған бөліктерді тұтас суретке жинау ойындары (2-4 бөлік).

Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. **(сенсорика)**

Пирамида жинау.

Бауын байлайтын ойыншықтармен ойындар.

Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.

Ән салу жаттығулары: күз туралы ән салуға шақыру. **(музыка)**

**"Сылдырмақтармен билеу" жаттығуы.**

Мақсат-міндеттері. Балаларды музыка ырғағына, педагогтің көрсеткеніне сай қимылдарды орындауға дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту.

1. Сылдырмақ еденде жатыр. Аяқты табанға қою.

2. Екі жаққа бұрылып, жартылай отырып-тұру.

3. Қол шапалақтау.

4. Екі аяқпен секіру.

5. Айналу.

6. Сылдырмақты жоғары көтеріп сылдырлату.

7. Сылдырмақпен билеу.

**Балалардың  
үйге қайтуы**  
(ата-аналарға  
кеңес)

Әңгімелесу: "Баланың тәбетін қалай ашамыз?", "Табиғи азық-түліктердің баланың денсаулығына пайдасы",  
"Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?"